

"Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) Көліктегі экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі департаменті (қаржы полициясы)" мемлекеттік мекемесін тарату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 маусымдағы N 720 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қазандағы № 628 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.10.2016 № 628 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) Көліктегі экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі департаменті (қаржы полициясы)" мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің штат санын және оның функцияларын Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары арасында қайта бөлсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.31 N 539 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі